Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Ғылыми кеңесінің
2026 жылғы 09 қыркүйектегі
ҚАУЛЫСЫ

Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректор **Алина Кулбайқызы Галееваның**; Басқарма мүшесі – Ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректор **Марғұлан Қасенұлы Ибраимовтың**; Басқарма мүшесі – Тұрақты әлеуметтік даму жөніндегі проректор **Бақытжан Бауыржанұлы Омаровтың**; Басқарма мүшесі – Қаржы шаруашылық мәселелері және инфрақұрылымды дамыту бойынша проректор **Абдрахман Батырбекұлы Тасыбаевтың** «2026-2027 оқу жылында алға қойылған негізгі міндеттер және оларды іске асыру жолдары туралы»; Басқарма мүшесі – Академиялық мәселелер бойынша проректор **Алина Кулбайқызы Галееваның** «Қабылдау комиссиясы жұмысының қорытындылары туралы» баяндамаларын тыңдап, талқылай келе, Ғылыми кеңес

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. **А.К. Галееваның**; **М.Қ. Ибраимовтың**; **Б.Б. Омаровтың**; **А.Б. Тасыбаевтың** баяндамалары назарға алынсын.

- «2026-2027 оқу жылында алға қойылған негізгі міндеттер және оларды іске асыру жолдары туралы» баяндама бойынша:

№	Тапсырма	Орындаушы	Мерзімі
1	• 2026-2027 оқу жылында алға қойылған негізгі міндеттер туралы оқытушы-профессорлар құрамы мен қызметкерлерге түсіндіру жұмыстары жүргізілсін; • Силлабустардың сапалы жүктелуі бойынша мониторинг жасалсын; • Интерактивті силлабустардың жүктелуі 100 пайызға жеткізілсін; • Халықаралық серіктестермен қос дипломдық және бірлескен бағдарламалар кеңейтілсін; • Құзыреттілік орталығын дамыту, салалық сұраныстарға жауап ретінде микробіліктіліктер мен оқыту бағдарламаларының саны көбейтілсін; • Білім бағдарламаларына кооперативтік, ендірілген, қос, жобаға негізделген және зерттеуге негізделген оқыту біріктірілсін;	Бөлегенова С.А. Факультет декандары, кафедра меңгерушілері Жункебеков Б.Т.	30.09.2026 Оқу жылы бойы
2	• Жаңа оқу жылында нақты қолданбалы нәтижелерді шешуге бағытталған жаңа ғылыми орталықтар мен зертханалар ашылсын;	Тастамбек Қ.Т. Факультет декандары, кафедра меңгерушілері,	Оқу жылы бойы

	• Өндіріспен, бизнеспен бірлескен жобалар, зерттеулер саны арттырылсын; • Шаруашылық келісімшарттар 2 есеге көбейтілсін; • Ғылыми журналдар цифрландырылып, халықаралық және ұлттық талаптарға сәйкестендірілсін.	ҒЗИ директорлары	01.12.2026
3	• Студенттерге университетте тәртіп сақтау, жатақханада тұру ережелері жан-жақты таныстырылсын; • Студенттік кеңес жұмыстары қадағалансын; • Заманауи ҚазҰУ имиджін қалыптастыру бойынша іс-шаралар ұйымдастырылсын.	Есімова Ж.Д. Факультет декандары, кафедра меңгерушілері	30.09.2026 Оқу жылы бойы
4	• Университеттің барлық үй-жайларының тиімді және нысаналы пайдаланылуына түгендеу жүргізілсін; • Жоспарлы жөндеу жұмыстары уақытылы, сапалы жасалуы қадағалансын.	Ержанов Е.Л.	31.08.2026

• «Қабылдау комиссиясы жұмысының қорытындылары туралы» баяндама бойынша:

1	• Жоғары балл жинаған донор мектептердің (*NIS, BIL, РФММ*, Алматы және аймақтардағы мамандандырылған лицейлер) дерекқоры құрылсын; • Таңдау басымдығы жоғары білім беру бағдарламалары бойынша күнтізбе құрылсын және мақсатты түрде іс-шаралар өткізілсін: факультеттерде ашық есік күндері, жетекші ғалымдар, оқытушылар, танымал түлектермен кездесулер, зертханаларды көрсету т.б. • Түлектердің мамандықтар бойынша бөлінуіне талдама жүргізілсін; • БАҚ-та, әлеуметтік желілерде ҚазҰУ имиджін таныстыратын сапалы жарнамалар берілсін (түлектермен сұхбат, зертханалық есептер, бағдарлама туралы жарнамалық бейнелер, веб-сайт, баспа материалдары және т.б.).	Бөлегенова С.А. Факультет декандары, кафедра меңгерушілері	01.11.2026 Оқу жылы бойы 01.10.2026 01.10.2026

Ғылыми кеңес төрағасы **Ж.Қ. Түймебаев**

Ғылыми кеңестің ғалым хатшысы **М.Қ. Мәмбетова**